



Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 128 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 10 мамырда N 6939 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 121) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесі бекітілсін.

2. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (М.Ә. Бектемесов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының құші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Қ. Орынхановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

2011 жылғы 31 наурыздағы

№ 128 бұйрығының

1-қосымша

Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесі

1. Осы Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Министрлік

туралы ереже) 15-тармағының 121) тармақшасына сәйкес өзірленген және ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) берудің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2. Қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) Ғылыми кеңестерінің (бұдан әрі – Ғылыми кеңестер) кандидатуралар ұсынуы негізінде аталған ұйымдардың қызметкерлеріне береді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2-1. Ғылыми атақтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 386 бүйрүғымен бекітілген Ғылыми бағыттар сыныптауышының (бұдан әрі – Сыныптауыш) екінші деңгейінде көрсетілген мамандықтар бойынша беріледі. Сыныптауыштың екінші деңгейінде "басқа әлеуметтік ғылымдар" немесе "басқа технологиялар" мамандығы көрсетілген кезде ғылыми атақ Сыныптауыштың үшінші деңгейінде көрсетілген мамандық бойынша беріледі.

Ескерту. Ереже 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 09.01.2023 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүқтарымен.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

4. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы өтініш берген үйымда толық ставкада жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғаға (бұдан әрі – үміткерлер):

1) диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми үйымда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымда, ЖЖОКБҰ немесе ғылыми үйым басшысы, басшысының орынбасары, бөлімшелерінің басшылары лауазымдарында 2 (екі) жыл үзіліссіз еңбек өтілі болған жағдайда беріледі.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар үміткерлер үшін ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми үйымда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымдағы еңбек өтілі талап етілмейді;

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған және үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы, оның ішінде уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақаласы және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақаласы болған жағдайда беріледі.

3ҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның екінші абзацы 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - КР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

Осы Ережеге 4-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарға үміткердің мамандығына сәйкес келетін ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын журналдар жатады. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атақта үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал

Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін мақалалар мен шолулар да есепке алынады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар "Мақала" (Article (Артиқль) немесе "Шолу" (Review (Ревью) түрінде болады және көрсетілген базалардағы журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келеді. Пәнаралық бағыттағы (Multidisciplinary (Малтидисциплинари), Interdisciplinary (Интердисциплинари), (General (Дженерал), Miscellaneous (Мисцелләниәс), сондай-ақ аралас ғылым салалары бойынша бағыттағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі. Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша квартиль не Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші тиісті деректер базасында көрсетілген жариялау жылына не үміткердің аттестаттау ісін уәкілетті органға беру сөтіне ескеріледі. Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша квартиль импакт-фактормен анықталады.

Scopus (Скопус) және/немесе Web of Science (Веф оғ Сайенс) базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды индекстеу тоқтатылған кезде үміткердің осы журналдағы барлық мақаласы есепке алынбайды.

Мақаланың мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13409 болып тіркелген) бекітілген Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптардың (бұдан әрі – Ғылыми басылымдарға қойылатын талаптар) 3-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес болады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде саналады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (CPC Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Паблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли & Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клювер) баспаларында немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic

Ranking of World Universities (Академик Ранкин оғ Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында (бұдан әрі – сенімді баспа) шығарылған монография (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған кезде (ізденушіге кемінде 1 (бір) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

Америка құрама штаттары, Еуропалық одақ және Жапония елдерінің Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science (Вэб оғ Сайнс) деректер базасындағы Derwent Innovation Index (Дервент Инновэйшн Индекс) енгізілген патенттері халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде саналады. Бұл ретте патенттердің ғылыми мақалаларды алмастыруы 20%-дан (жиырма пайыздан) аспайды.

Өнертабысқа патенттер уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы мақалалардың 20%-нан (жиырма пайызынан) көбін алмастыра алмайды;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 (алты) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда шығарылған, көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылады); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғасы.

Осы Ереженің 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендерге қосымша (кем дегенде бір ғылыми саладан Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2-ші квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 3 (үш) ғылыми мақаласы не сенімді баспада жарияланған монографиясы немесе монографиядағы тарауы (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) болған кезде, осы Ереженің 4-тармағының 3) тармақшасының талаптарын орындау талап етілмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бүйрығымен.

4-1. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы осы ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін үміткерлерге - өнер және сәулет саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) осы Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбектері, оның ішінде:

үәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) немесе шетелде ұсынылған 1 (бір) шығармашылық еңбегі;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 2 (екі) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 4 (төрт) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі 4 (төрт) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органды бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері есептеледі.

Ескерту. Ереже 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4-2. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Зан) қарастырылған құрметті атақта ие

болған, осы ұйымда жұмыс істейтін өнер және сәулет саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбектері;

3) осы Ереженің 4-1-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес монографиясы/оку-әдістемелік құралы/оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым).

Ескерту. Ереже 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-3. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы осы ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін үміткерлерге - дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) осы Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ғылыми және (немесе) жаттықтыруши-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған, сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде: уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 10 (он); шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі); шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 2 (екі) баяндамасы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 4 (төрт) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оку-әдістемелік) құралы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі 4 (төрт) баспа табақтан кем емес, оқу процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым). Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде Дүниежүзілік университеттердің, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпионы немесе жүлдегері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы немесе жүлдегері.

Ескерту. Ереже 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-4. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ Занда қарастырылған Қазақстан Республикасының құрметті атағына немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағына ие болған және осы үйімда жұмыс істейтін дене тәрбиесі және спорт мамандарына мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы (тезистер емес);

3) осы Ереженің 4-3-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес монографиясы/оқу-әдістемелік құралы/оның жетекшілігімен даярланған тұлға (ұжым).

Ескерту. Ереже 4-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-5. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үміткерлерге Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жаңындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Сот төрелігі академиясы) қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары әскери, арнайы оқу орындарында немесе ғылыми үйімдарда, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы әскери кафедраларда толық ставкада жұмыс істейтін әскери қызметшілерге, қызметкерлерге және жұмыскерлерге мыналар болған жағдайда беріледі:

1) диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 3 (үш) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми үйімдарда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымда, Сот төрелігі академиясының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары әскери, арнайы оқу орнының немесе ғылыми үйімдарының басшысы (бастығы), басшысының (бастығының) орынбасары, бөлімшелер басшылары (бастықтары)

лауазымдарында, ЖЖОКБҰ-ның әскери кафедрасында қауымдастырылған профессордан (доценттен) төмен емес лауазымда 2 (екі) жыл үзіліссіз енбек өтілі;

2) диссертация қорғаннан кейін жарияланған, сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілдепті орган ұсынған басылымдарда кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 (алты) баспа табағы тиесілі); не Ғылыми кеңес ұсынған жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғасы.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілдепті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде есепке алынады.

Ескерту. Ереже 4-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

4-6. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы Сот төрелігі академиясының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары әскери, арнайы оқу орындарының немесе ғылыми ұйымдарының, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы әскери кафедралардың ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жоқ, бірақ полковниктен төмен емес әскери (арнайы) атағы, аға әділет кеңесшісі сыныптық шенінен төмен емес немесе отставқадағы судья атағы бар және осы ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін қызметкерлерге және жұмыскерлерге мыналар:

1) осы Ереженің 4-5-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте үзіліссіз енбек өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 14 (он төрт) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кезде кемінде 10 (он) ғылыми мақаласы;

3) осы Ереженің 4-5-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес монографиясы немесе оқу (оқу-әдістемелік) құралы болған жағдайда беріледі.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде есепке алынады

Ескерту. Ереже 4-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы реєстри жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

5. Профессор ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы өтініш берген ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар үміткерлерге мыналар:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 5 (бес) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да профессордан төмен емес лауазымда немесе ғылыми ұйымда сәйкес келетін лауазымда, ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымның басшысы, басшысының орынбасары, бөлімшелер басшылары лауазымдарында 2 (екі) жыл үзіліссіз енбек өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін үміткердің мамандығына сәйкес келетін мерзімді ғылыми басылымдарда жарияланған 28 (жиырма сегіз) ғылыми мақаласы, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 20 (жиырма) ғылыми мақала және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Циттэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2 квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші үміткердің мамандығына сәйкес ғылыми сала бойынша кемінде 50 болатын) 3 (үш) ғылыми мақала болған жағдайда беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның екінші абзацы 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (мәтін алып тасталды)

бұйрығымен.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми атаққа үміткер тұлғалар үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оғ Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін мақалалар мен шолулар да есепке алынады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар "Мақала" (Article (Артиқль) немесе "Шолу" (Review (Ревью) түрінде болады және көрсетілген базалардағы журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келеді. Пәнаралық бағыттағы (Multidisciplinary (Малтидисциплинарни), Interdisciplinary (Интердисциплинари), General (Дженерал), Miscellaneous (Мисцеллэниэс), сондай-ақ аралас ғылым салалары бойынша бағыттағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі. Бұл ретте Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша квартиль не Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші тиісті деректер базасында көрсетілген жариялау жылына не үміткердің аттестаттау ісін уәкілетті органға беру сәтіне ескеріледі. Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшен Репортс) деректері бойынша квартиль импакт-фактормен анықталады.

Scopus (Скопус) және/немесе Web of Science (Веф оғ Сайенс) базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналды индекстеу тоқтатылған кезде үміткердің осы журналдағы барлық мақаласы есепке алынбайды.

Мақаланың мазмұны ғылыми басылымдарға қойылатын талаптардың 3-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес болады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде саналады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде сенімді баспада шығарылған монография (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған кезде (ізденушіге кемінде 1 (бес) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

Америка құрама штаттары, Еуропалық одақ және Жапония елдерінің Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science (Веб

оф Сайенс) деректер базасындағы Derwent Innovation Index (Дервент Инновэйшн Индекс) енгізілген патенттері халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы ғылыми мақалалар ретінде саналады. Бұл ретте патенттердің ғылыми мақалаларды алмастыруы 20 %-дан (жиырма пайыздан) аспайды.

Өнертабысқа патенттер уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы мақалалардың 20 %-нан (жиырма пайызынан) көбін алмастыра алмайды;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайды); не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылады); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаган және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы.

Осы Ереженің 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендерге қосымша (кем дегенде бір ғылыми саладан Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2-ші квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 5 (бес) ғылыми мақаласы не сенімді баспада жарияланған монографиясы немесе монографиядағы тарауы болған кезде, осы Ереженің 5-тармағының 3) тармақшасының талаптарын орындау талап етілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Профессор ғылыми атағы ғылыми атақ беру туралы етініш берген үйимда толық ставкада жұмыс істейтін үміткерлерге мыналар:

1) диссертация қорғағаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 8 (сегіз) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да қауымдастырылған профессордан (доценттен) немесе ғылыми үйимда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымда, ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми үйимның басшысы, басшысының орынбасары, бөлімшелерінің басшылары лауазымдарында 2 (екі) жыл үзіліссіз еңбек өтілі;

2) диссертация қорғағаннан кейін жарияланған сұратылған мамандық бойынша 42 (қырық екі) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 30 (отыз) және осы Ереженің 5-тармағының 2) тармақшасының талаптарын қанағаттандыратын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және диссертация қорғағаннан кейін жарияланған кемінде 2 (екі) монографиясы (авторлығы кемінде 10 (он) баспа табақты құрайды); не Ғылыми кеңес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес немесе уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жеке жазылған оқулықтар (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 12 (он екі) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылады); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 4 (төрт) тұлғасы болған кезде беріледі.

Осы Ереженің 5-1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендерге қосымша (кем дегенде бір ғылыми саладан Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2-ші квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған 7 (жеті) ғылыми мақаласы не сенімді баспада жарияланған монографиясы немесе монографиядағы тарауы (ізденушігे кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) болған кезде, осы Ереженің 5-1-тармағының 3) тармақшасының талаптарын орындау талап етілмейді.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2015 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5-2. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар және осы ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін өнер және сәулет саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған (жасалған), сұратылған мамандық бойынша кемінде 28 (жиырма сегіз) ғылыми мақаласы (тезистер емес) және (немесе) шығармашылық еңбекі, оның ішінде:

уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 20 (жиырма) ғылыми мақаласы және (немесе) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы және (немесе) шетелде ұсынылған 3 (үш) шығармашылық еңбекі;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 3 (үш) баяндамасы немесе халықаралық конкурсқа, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 2 (екі) рет қатысуы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлға (ұжымдар). Даярлаған тұлғалар (ұжымдар) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері есептеледі.

Ескерту. Ереже 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

5-3. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар, Занда қарастырылған құрметті атақта ие болған, осы ұйымда жұмыс істейтін өнер және сәulet саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) ғылыми және (немесе) шығармашылық-педагогикалық қызметте кемінде 5 (бес) жыл үзіліссіз өтілі;

2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 20 (жиырма) ғылыми мақаласы және (немесе) шығармашылық еңбекі;

3) осы Ереженің 5-2 тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес монографиясы/окулығы/оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлғасы (ұжымдары).

Ескерту. Ереже 5-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-4. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) немесе ага ғылыми қызметкер ғылыми атағы бар және осы ұйымда толық ставкада жұмыс істейтін дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

1) осы Ереженің 5-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес ғылыми және (немесе) жаттықтырушылық-педагогикалық қызметте үзіліссіз өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған, сұратылған мамандық бойынша кемінде 28 (жырма сегіз) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде:

уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 20 (жырма) ғылыми мақаласы;

шетелдік ғылыми журналдарда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы;

шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында кемінде 3 (үш) баяндамасы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайтын); не Ғылыми кеңес/Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы; не оның жетекшілігімен даярланған 2 (екі) тұлға (ұжымдар). Даярлаған тұлғалары (ұжымдары) ретінде Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпиондары, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері есептеледі.

Ескерту. Ереже 5-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-5. Профессор ғылыми атағы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар және Занда қарастырылған Қазақстан Республикасының күрметті атағына немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген

"жаттықтырушысы" атағына ие болған және осы үйымда жұмыс істейтін дene тәрбиесі және спорт саласындағы мамандарға мынадай жағдайларда беріледі:

- 1) ғылыми және (немесе) жаттықтырушылық-педагогикалық қызметте кемінде 5 (бес) жыл үзіліссіз өтілі;
- 2) сұратылған мамандық бойынша кемінде 20 (жиырма) ғылыми мақаласы;
- 3) осы Ереженің 5-4-тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес монографиясы/оқулығы/оның жетекшілігімен даярланған тұлғасы (ұжымдары).

Ескерту. Ереже 5-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-6. Профессор ғылыми атағы Сот төрелігі академиясының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары әскери, арнайы оқу орындарының немесе ғылыми үйымдардың, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-дағы әскери кафедралардың қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар, осы үйымда толық ставкада жұмыс істейтін қызметкерлеріне және жұмыскерлеріне мыналар:

1) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін ғылыми және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте 5 (бес) жылдан кем емес, оның ішінде ЖЖОКБҰ-да профессордан немесе ғылыми үйымдарда аға ғылыми қызметкерден төмен емес лауазымда, Сот төрелігі академиясының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары әскери, арнайы оқу орындарының немесе ғылыми үйымының басшысы (бастығы), басшысының (бастығының) орынбасары, бөлімшелер басшылары (бастықтары) лауазымдарында, ЖЖОКБҰ-ның әскери кафедрасында профессордан төмен емес лауазымда 2 (екі) жыл үзіліссіз еңбек өтілі;

2) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған, сұратылған мамандық бойынша 28 (жиырма сегіз) ғылыми мақаласы (тезистер емес), оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 20 (жиырма) ғылыми мақаласы;

3) Ғылыми кеңес ұсынған және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейін жарияланған монографиясы (авторлығы кемінде 6 (алты) баспа табақты құрайды); не Ғылыми кеңес ұсынған жеке жазылған оқулығы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, жалпы көлемі 6 (алты) баспа табақтан кем емес, білім беру процесінде кемінде 1 (бір) оқу жылы пайдаланылған); не оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы болған жағдайда беріледі.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми мақалалар болған кезде мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы 2 (екі) мақала ретінде есепке алынады.

Ескерту. Ереже 5-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.01.2016 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Осы Ереженің 4, 4-1 және 4-3-тармақтарында көрсетілген қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға үміткерлер үшін және 5, 5-1, 5-2 және 5-4-тармақтарында көрсетілген профессор ғылыми атағын алуға үміткерлер үшін уәкілетті орган ұсынған басылымдардағы мақалалар ретінде ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялауға ұсынылған Басылымдар тізбесінің 1 және 2-Тізімдеріндегі журналдарда жарияланған мақалалар есепке алынады.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымның Ғылыми кеңесі ғылыми атақ беру туралы қолдауhattы Комитетке ұсынады.

Ғылыми кеңес қолдауhat жіберу туралы шешім қабылдаудан 1 (бір) ай бұрын 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтаманың электрондық (DOC (док) немесе DOCX (докикс) форматында) және сканерленген нұсқаларын,

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің жарияланымдарының тізімін, оның ішінде халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдар тізімін ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымның интернет-ресурсында орналастырады (Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнайы оқу орындарын қоспағанда, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдаланатын мәліметтерді қамтитын материалдарды орналастыру кезінде).

Колдаухатқа атtestаттау ісі қоса беріледі, оған мынадай құжаттар кіреді:

1) ілеспе хат – ұйымның бланкінде материалдарды жіберу күні көрсетілген Ғылыми кенес төрағасы қол қойған ұсыным;

2) жарияланымдар тізімі. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар тізімі 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді;

3) жарияланымдар тізімінде көрсетілген жарияланымдар көшірмелері;

4) ізденушінің ғылыми және педагогикалық қызметі көрсетілген ұйымның Ғылыми кенесі отырысының хаттамасынан ұзінді;

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылыми дәрежелері мен атақтары туралы дипломдардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс орны растиған еңбек қызметін растьайтын құжаттың көшірмесі;

7) шәкірттер – ғылыми дәрежесі бар тұлғалар дайындағанын растьайтын ресми құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

8) монографияның немесе оқулықтың (оқу (оқу-әдістемелік) құрал) қағаз және электронды нұсқалардағы түпнұсқасы;

9) жеке куәліктің немесе төлкүжаттың көшірмесі.

3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке пdf (pdf) файлы форматында (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдаланатын мәліметтерді қамтитын атtestаттау істерінен басқа) сканерленген түрде ұсынылады.

Қандай да бір құжат болмаған кезде Комитет атtestаттау ісін қарамай, қайтару себебін көрсетіп, атtestаттау ісінің Комитетте тіркелген күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қайтарады. ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым атtestаттау ісін қайтарылған күнінен бастап 1 айдан кешіктірмей Ғылыми кенестің жаңа қолдау хатын ұсына отырып, қайта жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

7-1. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың басқа елдің мемлекеттік атtestаттау органдарында алған ғылыми атақтарын тану Қазақстан Республикасының тиісті атtestаттарын бере отырып, қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор атақтарын беру арқылы жүргізіледі. Басқа елдердің мемлекеттік атtestаттау органдарында 2011 жылғы 1 қаңтардан кейін алынған Қазақстан Республикасы азаматтарының ғылыми атақтарын тану осы Ереженің 4, 4-1, 4-2, 4-3, 4-4, 4-5, 4-6, 5, 5-2, 5-3, 5-4, 5-5, 5-6-тармақтарына сәйкес қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын беру арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2015 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 07.07.2021 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7-2. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың басқа елдің мемлекеттік атtestаттау органдарында алған ғылыми атақтарын тану мынадай құжаттарды ұсыну арқылы жүргізіледі:

- 1) сұратылған мамандықтың атауы және шифры көрсетілген олар жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ-ның немесе ғылыми ұйымның қолдауhatы;
- 2) жеке куәлігінің немесе төлкүжатының көшірмесі;
- 3) шетелде ғылыми атақ берілгені туралы атtestаттың нотариалды расталған көшірмесі.

Ескерту. 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2015 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Ғылыми атақты ізденушілердің Комитетке жіберілетін атtestациялық істерін ресімдеуге байланысты шығыстарды төлеу Ғылыми кеңестер жұмыс істейтін, Комитетке тиісті ұсыныстарды әзірлеген ұйымдар есебінен жүргізіледі.

9. Ғылыми атақ беру жөніндегі атtestациялық істер атtestациялық істің Комитетте тіркелген күнінен бастап 2 (екі) айда қаралады.

10. Қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атақтарын алуға ізденушілердің атtestаттау істерінің осы Ережеге сәйкестігі Комитеттің консультативтік-кеңес беру органы болып табылатын Сараптамалық кеңесте анықталады.

Аттестаттау ісін қарау нәтижелері бойынша Сараптамалық кеңес осы Ережеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қорытынды қабылдайды.

Сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде Комитет ғылыми атақ беру/беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және қорытындыға қол қойылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті бұйрық шығарады.

Ғылыми атақ беру туралы шешім Комитеттің интернет-ресурсында шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

Ғылыми атақты беруден бас тарту туралы шешім ЖЖОКБҰ-ға немесе ғылыми ұйымға шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарланады. Ғылыми кеңес осы атақты беру туралы жаңа ұсынымды кемінде 1 (бір) жылдан кейін береді.

Ұсынылған ғылыми мақалаларда, монографияларда, оқу (оқу-әдістемелік) құралдарында, оқулықтарда авторы мен дереккөзіне сілтемесіз бөтен материал болған жағдайда, Комитет теріс шешім қабылдайды. Ол ЖЖОКБҰ-ға немесе ғылыми ұйымға шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарланады.

Осы тұлға бойынша қолдау хат Комитетке қайта берілмейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Комитет осы атақты беруден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда ғылыми атақ беру туралы жаңа ұсынымды Ғылыми кеңес кем дегенде бір жылдан соң береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.01.2019 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қауымдастырылған профессорларға (доцент) және профессорларға мемлекеттік үлгідегі аттестаттар беріледі.

13. Ғылыми атақтарды беру мәселелері туралы Комитеттің шешімі шыққан күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ізденуші Комитетке апелляция бере алады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін апелляция Комитет қарауына қабылданбайды.

14. Ғылыми атақтарды (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру мәселелері бойынша сотқа дейінгі дауларды реттеу үшін Комитет ізденуші апелляция берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде құрамында

Комитеттің 2 (екі) өкілі және тиісті мамандық бойынша 3 (үш) ғалымы бар апелляциялық комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссия құрылған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде аттестациялық істің материалдарын қарап, апелляция бойынша қорытынды дайындаиды.

15. Комиссия өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

16. Апелляциялық комиссияның қорытындысы комиссия мүшелерінің көпшілік ашық дауыс беруі нәтижесінде қабылданады және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

17. Апелляциялық комиссияның қорытындысы бойынша Комитет 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды және шағымданушыға хабарлайды.

18. Осы Ережемен реттелмейтін даулар, оның ішінде ғылыми атақтардан айыру (қалпына келтіру), апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері сот тәртібімен шешіледі.

Ғылыми атақтар
қауымдастырылған
профессор (доцент)
профессор) беру ережесі
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 16.01.2019 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

мамандық

бойынша

(мамандықтың шифры мен аты)

ғылыми атағын ізденуші

туралы анықтама

1	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
2	Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, берілген уақыты	
3	Ғылыми атақ, берілген уақыты	
4	Құрметті атақ, берілген уақыты	

5	Лауазымы (лауазымға тағайындалу туралы бұйрық мерзімі және нөмірі)	
6	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі	Барлығы _____ жыл, оның ішінде лауазымда _____
7	Диссертация корғаганнан/қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейінгі ғылыми мақалалар, шығармашылық еңбектер саны	Барлығы _____ уәкілетті орган ұсынатын бас Clarivate Analytics (Кларивэйт) (Web of Science Core Соғыс) профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан Analytics (Вэб оф Сайнс) кейінгі ғылыми мақалалар, шығармашылық Кларивэйт Аналитикс) еңбектер саны акпараттық базасына ___, Scopus (Скопус) не JSTO базалардағы ғылыми журналдарда шығармашылық еңбектер _____
8	Соңғы 5 жылда басылған монографиялар, оқулықтар, жеке жазылған оқу (оку-әдістемелік) құралдар саны	
9	Оның басшылығымен диссертация корғаган және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғалар	
10	Оның жетекшілігімен даярланған республикалық, халықаралық, шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері	
11	Оның жетекшілігімен даярланған Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпиондары, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері	
12	Қосымша акпарат	

Кафедры (бөлімше) басшысы

(қолы, аты-жөні және тегі)

Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор беру ережесіне 2-қосымша

ҒЫЛЫМИ АТАҚТЫ ИЗДЕНУШИНІҢ (ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР) ТІРКЕУ-ЕСЕП КАРТОЧКАСЫ

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.06.2015 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республика
Білім және ғылым министрі
2011 жылғы 31 наурызда
№ 128 бұйрығымен
бекітілген
Ғылыми атақтар
(қауымдастырылған)
профессор (доцент), проф.
2-қосымша
Форма

Ескерту. Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 07.07.2021 № 320 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Халықаралық рецензияланатын басылымдағы арияланымдар тізімі

Үміткердің АЖТ _____

Автордың идентификаторы (болған жағдайда):

Scopus Author ID: _____

Web of Science Researcher ID: _____

ORCID: _____

№ р/н	Жарияланымның атауы	Жарияланым түрі (мақала, шолу, т.б.)	Журналдың атауы, жариялау жылы (деректер базалары бойынша), DOI	Журналдың жариялау жылы бойынша Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша импакт-факторы және ғылым саласы*	Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасындағы индексі	Журналдың жариялау жылы бойынша Scopus (Скопус) деректорі бойынша CiteScore (СайтСкор) процентилі және ғылым саласы*	Авторлардың АЖТ (үміткердің АЖТ сзыгу)

*тиесті квартиль немесе процентиль берілген ғылым саласы. Ғылым саласы ғылыми атақ берілетін мамандыққа сәйкес келу керек

Ғылыми атақтар
(қауымдастырылған проф.
(доцент), профессор
беру ережесіне
3-қосымша

бойынша Сараптау кеңесінің қорытындысы
(ғылым саласы)

Ескерту. З-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

20__ ж. "___" _____

№ _____ хаттама

Тыңдалды: _____ Гылыми кеңесі
ұсынған
(ұйымның атауы)

(ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.
(болған жағдайда))

мамандығы бойынша
қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беру туралы
№ _____ іс.

Сарапшы _____ тындай келе
(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Үміткер (керектісін белгілеу):

1) үміткердің ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар(жоқ) _____;

2) үміткердің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған құрметті атағы немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар _____;

3) үміткер Сот төрелегі академиясында, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігіне ведомствоның бағынысты жоғары әскери, арнайы оқу орнында немесе ғылыми ұйымда немесе жоғары оқу орнының әскери кафедрасында жұмыс істейді және полковниктен төмен емес

әскери (арнайы) атағы, аға әділет кеңесшісі сыныптық шенінен төмен емес немесе отставкадағы судья атағы бар _____.

Аттестациялық іс Ереженің _____ тармағына сәйкес қарастырылады.

2. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық, шығармашылық-педагогикалық жаттықтырушылық-педагогикалық жұмыс өтілі (қажеттісінің астын сыйзу), оның ішінде талап етілетін лауазымдағы жұмыс өтілі: _____.

3. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын ізденушінің _____ ғылыми мақаласы бар, оның ішінде:

Комитет ұсынған басылымдарда _____;

шетелдік ғылыми журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1, 2 және 3-ші квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

JSTOR (ДЖЕЙСТОР) деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасына енгізілген шетелдік потенттер _____;

шығармашылық еңбектері _____;

басқа жарияланымдар _____.

4. Білім беру процесінде пайдаланылатын, көлемі _____ баспа табақ болатын жеке жазылған және жарияланған оқу (оқу-әдістемелік) құралы, оқулық немесе монография _____

(атауы, шығарылған орны мен жылы, кім ұсынған)

5. Үміткердің жетекшілігімен (көрегін толтыру):

1) диссертацияны оның басшылығымен қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар түлға дайындалған

(Т.А.Ә. (бар болса), қорғау және бекіту күні)

2) республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары құрған), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері

;

3) Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпионы немесе жүлдегері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы немесе жүлдегері

дайындалған.

6. Ұсынылған ғылыми мақалаларда, монографияларда, оқу (оқу-әдістемелік) құралдарында, оқулықтарда авторы мен дереккөзіне сілтемесіз бөтен материалдың пайдаланылғаны туралы мәлімет

_____ бар / жоқ

7. Аттестаттау ісіндегі құжаттар Ереженің 7-тармағына

(сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді)

8. Сараптау кеңесінің шешімі (тармақшалардың бірі толтырылады):

1) үміткер _____

(Т.А.Ә. (бар болса))

Ереженің барлық талаптарына сәйкес келеді. Сараптау кеңесі Комитетке

(Т.А.Ә. (бар болса))

мамандығы

бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беруді ұсынады.

2) үміткер _____

(Т.А.Ә. (бар болса))

аттестаттау ісі Ереженің _____ тармағына сәйкес келмейді.

(аттестаттау ісінің Ереженің қай тармақтарына сәйкес келмейтіні көрсетіледі)
Сараптау кеңесі Комитетке үміткер

(Т.А.Ә. (бар болса))

мамандығы

бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беруден бас тартуды

ұсынады.

Дауыс беру нәтижелері:

"жақтап" дауыс бергені _____

"қарсы" _____

"қалыс қалғаны" _____

Төраға _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Ғалым хатшы _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Сарапшы _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Ғылыми атақтар
(қауымдастырылған професор
(доцент), профессор

беру ережесіне

4-қосымша

Нысан

бойынша Сараптау кеңесінің қорытындысы
(ғылым саласы)

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.09.2024 № 435 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

20 __ ж. " ____ " _____ № _____ хаттама

Тындалды: _____ ғылыми кеңесі
ұсынған

_____ ғылыми кеңесі

(ұйымның атауы)

(ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә. (болған жағдайда))

_____ мамандығы бойынша
профессор ғылыми атағын беру туралы № _____ іс.

Сарапшы _____ тындаі келе
(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Үміткер (керектісін белгілеу):

1) үміткердің қауымдастырылған профессор (доцент), аға ғылыми қызметкер
ғылыми атағы бар (жоқ)_____;

2) үміткердің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары
туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған құрметті атағы
немесе "Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген жаттықтырушысы" атағы
бар

_____;
3) үміткер Сот төрелегі академиясында, Қазақстан Республикасы ұлттық
қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне,
Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан
Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне және Қазақстан
Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары
әскери, арнайы оқу орнында немесе ғылыми ұйымда немесе жоғары оқу
орнының әскери кафедрасында жұмыс істейді және полковниктен төмен емес
әскери (арнайы) атағы, аға әділет кеңесшісі сыныптық шенінен төмен емес
немесе отставкадағы судья атағы бар_____.

Атtestаттау ісі Ереженің _____ тармағына сәйкес қарастырылады.

2. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық, шығармашылық-педагогикалық
жаттықтырушылық-педагогикалық жұмыс өтілі (қажеттісінің астын сзыу), оның
ішінде талап етілетін лауазымдағы жұмыс өтілі: _____.

3. Қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын ізденушінің
_____ ғылыми мақаласы бар, оның ішінде:

Комитет ұсынған басылымдарда _____;
шетелдік ғылыми журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша 1 және 2-ші квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасында Arts and Humanities Citation Index (Арт әнд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

JSTOR (ДЖЕЙСТОР) деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналдарда _____;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайенс Кор Коллекшн) деректер базасына енгізілген шетелдік потенттер _____;

шығармашылық еңбектері _____;

басқа жарияланымдар _____.

4. Білім беру процесінде пайдаланылатын, көлемі _____ баспа табақ болатын жеке жазылған және жарияланған оқулық/ монография

(атауы, шығарылған орны мен жылы, кім ұсынған)

5. Үміткердің жетекшілігімен (керегін толтыру):

1) диссертацияны оның жетекшілігімен қорғаган және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлға дайындалған

(Т.А.Ә. (бар болса), қорғау және бекіту күні)

2) республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары құрған), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері

3) Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпионы немесе жүлдегері, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпионы немесе жүлдегері

дайындалған.

6. Ұсынылған ғылыми мақалаларда, монографияда, оқулықта авторы мен дереккөзіне сілтемесіз бөтен материалдың пайдаланылғаны туралы мәлімет

бар / жоқ

7. Аттестаттау ісіндегі құжаттар Ереженің 7-тармағына

(сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді)

8. Сараптау кеңесінің шешімі (тармақшалардың бірі толтырылады):

1) үміткер _____

(Т.А.Ә. (бар болса))

Ереженің барлық талаптарына сәйкес келеді. Сараптау кеңесі Комитетке

(Т.А.Ә. (бар болса))

мамандығы

бойынша профессор ғылыми атағын беруді ұсынады.

2) үміткер _____

(Т.А.Ә. (бар болса))

аттестаттау ісі Ереженің _____ тармағына сәйкес келмейді.

(аттестаттау ісінің Ереженің қай тармақтарына сәйкес келмейтіні көрсетіледі)
Сараптау кеңесі Комитетке үміткер

(Т.А.Ә. (бар болса))

мамандығы

бойынша профессор ғылыми атағын беруден бас тартуды ұсынады.

Дауыс беру нәтижелері:

"жақтап" дауыс бергені _____

"қарсы" _____

"қалыс қалғаны" _____

Төраға _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Ғалым хатшы _____

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Сарапшы

(Т.А.Ә (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 31 наурыздағы
№ 128 бұйрығына 2-кесе

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір күші жойылған
бұйрықтарының тізімі**

1. "Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 15 Бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2140 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 15, 841-бап).

2. "Ғылыми атақтар беру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 15 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы № 534 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2905 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, № 15, 96-бап).

3. "Ғылыми атақтар беру ережелелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы № 15 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 2 наурыздағы № 127 Бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3543 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, № 14, 74-бап).